

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ


«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ТҮЛЕКТЕРІ АССОЦИАЦИЯСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

УЕ-33-18


АЛҒЫ СӨЗ

1. Сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлімімен
ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер – Тәрбие істері және әлеуметтік мәселелер жөніндегі
проректор Н. Тленчиева
Бөлім маманы Қ.Е. Батырханов
3. Келісілді – Оқу істері жөніндегі проректор С.Д. Мамраймов
– Сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг
бөлім басшысы А.А. Алтыбаева
4. «Сырдария» университеті Ғылыми кеңесінің 25.08 2018 № 1
мәжілісінде талқыланып мақұлданды
5. Енгізілді – 2018
6. Тексерілу мерзімі – 2019

Қызмет бабында пайдаланатын басылым



Жетісай, 2018



«Сырдария» университеті		УЕ- 33-18
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	1-нұсқа
«Сырдария» университетінің түлектері ассоциациясы туралы		6 беттің 2-беті

1. МАҚСАТ

1.1 Осы ереже «Сырдария» университеті түлектері Ассоциациясы құрылу және қызметі тәртібін орнатады.

2. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

2.1 Университет ережесі факультет деканаттарында, кафедраларда және университет Түлектер Ассоциациясы жұмысын қамтамасыз ететін және іске асыратын басқа да құрылымдық бөлімдерде міндетті түрде қолданылады және талаптары орышдалады.

3. СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР

- 1.«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (ҚР 21.07.2015ж. №337-V Заңымен берілген өзгерістер мен толықтырулар);
2. «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы Заңы.№ 285-V ҚРЗ

4. АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

ИСО - халықаралық стандарттау ұйымы;
ХС - халықаралық стандарт;
СМЖ - сапа менеджменті жүйесі;
ПР - процедура;
СБ - сапа бойынша басшылық;
СБӨ - сапа бойынша басшылық өкілі;
ҚЕ - құрылым ережесі;
ҚН- қызметтік нұсқау.
ТҚ-тәрбиелік қызмет;
ТжӘЖП-тәрбие істері және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры;

5. ПРОЦЕДУРАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

5.1 Жалпы ережелер

- 5.1.1 Жоғары оқу орнының түлектер Ассоциациясы (ары қарай-Ассоциация) бұл жоғары оқу орны құрылымының бөлімшесі болып табылады.
- 5.1.2 Ассоциация жоғары оқу орнының Жарлығына сәйкес құрылып, осы ереженің еркінділік, өзін-өзі басқарушылық, жариялылық, заңға бағынушылық негіздеріне сүйеніп қызмет атқарады.
- 5.1.3 Ассоциация заңды тұлға болып табылмайды. Ассоциацияның барлық іс-әрекеттері ЖОО-ның аясында жүзеге асады
- 5.1.4 Ассоциацияның қызмет атқару мерзімі шектелмеген.

5.2. Ассоциацияның мақсаттары мен міндеттері

Ассоциацияның мақсаттары келесі:

- 5.2.1 ЖОО-ның әр түрлі мерзімде бітіріп кеткен түлектермен байланысты дамыту және жақсарту;
- 5.2.2 ЖОО түлектерін, студент жастарды рухани-адамгершілікке тәрбиелеуге әрекеттендіру, физикалық тұрғыдан денелерін шынықтыру;
- 5.2.3 ЖОО-ның материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында Ассоциация мүшелерінің күш-жігерін бірлестіру;
- 5.2.4 нарықтық экономиканың сұраныстарын ескере отырып университеттің мамандықтарының перспективасын анықтау;
- 5.2.5 Ассоциация мүшелерінің кәсіби өсуі;

«Сырдария» университеті		УЕ- 33-18
Сапа менеджменті жүйесі	Университет срежесі	1-нұсқа
«Сырдария» университетінің түлектері ассоциациясы туралы		6 беттің 3-беті

- 5.2.6 Ассоциация мүшелері мен студенттердің іс-тәжірибелерін ұйымдастыру жас кәсіби мамандардың жұмысқа орналастыруын ықпалдандыру;
- 5.2.7 Алыс және жақын шет елдердің университеттерімен және басқа да бөлімшелермен шығармашылық байланыстар құру;
- 5.2.8 жоғары оқу орнындағы кадр дайындау мәселесі мен жастар арасында кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізу;
- 5.2.9 университет кафедраларының филиалдарын факультеттерде ұйымдастыру.

Ассоциацияның міндеттері:

- 5.2.10 Кәсіби қызметтері әр түрлі салада жүзеге асатын және әр түрлі уақытта бітірген түлектермен - Ассоциация мүшелерімен ақпараттық байланыстарды ұйымдастыру;
- 5.2.11 түлектердің біліктілігін көтеру мақсатында әдістемелік және ұйымдастырушылық көмек көрсету (біліктілігін көтеру курстары, магистратура, докторантура);
- 5.2.12 Ассоциация мүшелерінің қызметіндегі шешімін таппай жүрген ғылыми – практикалық мәселелерді шешуге бағытталған университеттің ғылыми әлеуетін тарту;
- 5.2.13 университеттің барлық бағытындағы маркетингтік және консалтингтік қызметтерін ақылы негізде жүзеге асыру;
- 5.2.14 Ассоциация мүшелерінің озық тәжірибесін оқу үдерісіне ендіру;
- 5.2.15 Ассоциация мүшелерінің кәсіби жетістіктерін дәріптеу;
- 5.2.16 Ассоциация мүшелерінің жұмыс атқарып жатқан орындарымен өндірістік, ғылыми, оқу-әдістемелік байланыстарын жақсарту;
- 5.2.17 әр түрлі жастағы түлектердің мерейтой кездесулерін жүргізу және ұйымдастыру;
- 5.2.18 кезектегі бітіруші түлектерді Ассоциацияға тарту;
- 5.2.19 студенттік еңбек биржасын (жәрменке) факультеттермен бірлесе отырып ұйымдастыру;
- 5.2.20 қайырымдылық қызметтерді жүзеге асыру;
- 5.2.21 Ассоциацияның мамандық бойынша бюллетеньдерін шығаруды ұйымдастыру;
- 5.2.22 Ассоциация мүшелерін билік атқарушы органдарына сайлануға ықпал жасауына көмек беру;
- 5.2.23 шет ел мемлекеттердегі мүшелерді Ассоциацияның жұмыстарына жыл сайын шақыруды ұйымдастыру.

5.3 Ассоциация мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

5.3.1 Осы ереженің талаптарын мойындайтын, Ассоциация жұмыстарына қатысатын жоғары оқу орнының оқытушылары немесе бітірушілері бола алады.

Ассоциация мүшелерінің құқықтары:

- 5.3.2 Университет аясында өткізілетін барлық біліктілігін арттыру курстарына қатысу;
- 5.3.3 ЖОО-ның профессоры академиялық атағына ие бола алу;
- 5.3.4 материалдық-техникалық базаны нығайту мақсатында университетке демеушілік көрсету;
- 5.3.5 Университет аясында өткізіліп жатқан барлық қызметтерге араласу;
- 5.3.6 Ассоциацияға байланысты ақпараттардың барлығынан хабардар болу;
- 5.3.7 Ассоциацияның қызметі аясындағы мәселелерді талқылау мен өзгерістер енгізу;
- 5.3.8 Ассоциация кеңесінде таңдау және сайлану мүмкіндігіне ие болу;
- 5.3.9 өнертабыс пен ғылыми аспектілері бар фирма мен өндірістің қызметтері туралы жарнамаларды университеттің сайтына ақылы негізде орналастыру;
- 5.3.10 Жарнама материалдары мен университеттің ғылыми жинақтарында мақалаларды жариялау мүмкіндігі болу;
- 5.3.11 Компьютерлік сауаттылығын көтеру;
- 5.3.12 Ғылыми зерттеулерге гранттық қаржыландыру байқауларына қатысу мүмкіндігі болу.

«Сырдария» университеті		УЕ- 33-18
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	1-нұсқа
«Сырдария» университетінің түлектері ассоциациясы туралы		6 беттің 4-беті

Ассоциация мүшелерінің міндеттері:

- 5.3.13 студенттердің іс-тәжірибеден өтуіне ықпал жасау;
- 5.3.14 студенттік құрылыс отрядтарын құруға ықпал жасау;
- 5.3.15 Ассоциация мүшелеріне – бітіруші түлектерге жұмысқа орналасуыша көмек көрсету;
- 5.3.16 демеушілік көмек көрсету жолдары мен демеушілік жасау тәсілдерді іздестіру;
- 5.3.17 Ассоциация жиналыстарына және кеңестің жұмыстарына қатысу.

5.4 Басқару органдары мен ұйымдастыру құрылымы

Ассоциацияның ұйымдастырушылық құрылымы төмендегі қағидаларды негізге алады: жетекші органдарды таңдау, Ассоциация мүшелеріне есеп беру, шешім қабылдаудағы ұйымшылдық.

- 5.4.1 Ассоциацияның ең жоғарғы органы болып Ассоциацияның барлық мүшелерінің жиналысы.
- 5.4.2 Жалпы жиналыс қажеттілігіне орай ұйымдастырылады, бірақ бір жылда бір реттен кем емес.
- 5.4.3 Жалпы жиналыстың құзырлығына:
- 5.4.5 Ережені өзгерту және қабылдау;
- 5.4.6 қызметтердің негізгі бағыттарын анықтау;
- 5.4.7 Ассоциация кеңесін сайлау;
- 5.4.8 Ассоциация қызметін тоқтату;
- 5.4.9 Ассоциация кеңесі басқару органы болып табылады.
- 5.4.10 Ассоциация кеңесі Ассоциацияның жалпы жиналысында ашық дауыс беру тәсілімен сайланады.
- 5.4.11 Ассоциация кеңесіне кіретіндер:
- 5.4.12 ректорат өкілдері;
- 5.4.13 әр факультеттен бір өкіл (құрылым бөлімше);
- 5.4.14 университеттің ардагерлер кеңесінен бір өкіл;
- 5.4.15 кәсіби жетістіктерінің шыңына жеткен Ассоциация мүшелері;
- 5.4.16 Ассоциация Президенті жоғары оқу орнының ректоры болып табылады, сонымен қатар ол Ассоциация кеңесінде басқарушылық етеді;
- 5.4.17 Ассоциация кеңесінің жұмысын жақсарту мақсатында кеңес мәжілісінде төраға үш жылға сайланады.

5.5 «Сырдария» университетінің түлектер ассоциациясы туралы ережесін дайындау және бекіту тәртібі

5.5.1 «Сырдария» университетінің түлектер ассоциациясы туралы ережесінің жобасын құрастырушы ОӘБ басшысы оқу істері жөніндегі проректормен, сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлімі басшысымен келісіледі.

5.5.2 «Сырдария» университетінің түлектер ассоциациясы туралы ережесі Ғылыми кеңес мәжілісінде талқыланып мақұлданады.

5.5.3 «Сырдария» университетінің түлектер ассоциациясы туралы ережесі университет ректорымен бекітіледі.

5.5.4 «Сырдария» университетінің түлектер ассоциациясы туралы ережесі сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлімінде тіркеледі, бақылау данасы СМАМБ-де сақталады. Ереженің ксерокөшірмесі орнатылған тәртіп бойыша тиісті құрылымдық бөлімдерге таратылады.

5.6 «Сырдария» университетінің түлектер ассоциациясы туралы ережесіне өзгеріс енгізу тәртібі

«Сырдария» университеті		УЕ- 33-18
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	1-нұсқа
«Сырдария» университетінің түлектері ассоциациясы туралы		6 беттің 5-беті

5.6.1 «Сырдария» университетінің түлектер ассоциациясы туралы ережесі жойылғанға дейін қызмет етеді немесе жаңасымен ауыстырылады.

5.6.2 Осы ереже атауы өзгерген жағдайда қайта бекітіліп ауыстырылады.

5.6.3 Ережеге енгізілген өзгертулер негізгі мәтінімен бірге сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлімінде сақталады.

6 ЖАУАПКЕРШІЛІК

«Сырдария» университетінің түлектер ассоциациясы туралы ережесі талаптарының негізділігі мен мазмұнына тәрбие істері және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор жауапты.

КЕЛІСІЛДІ

Оқу істері жөніндегі проректор:



т.ғ.к., доцент С.Д.Мамраимов

Сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлім басшысы:



А.А. Алтыбаева

